

1995 жылы құрғақшылыққа ұшыраған республика аймағындағы ауыл шаруашылығы өндірісін мемлекеттік қолдау жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1995 жылғы 20 қарашадағы N 1571

Ақтөбе, Алматы және Батыс Қазақстан облыстарының ауыл шаруашылығы өндірісіне 1995 жылғы құрғақшылық келтірген келеңсіз зардаптарды жою мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Ақтөбе және Батыс Қазақстан облыстарының "Мұнай өнімдері" мемлекеттік акционерлік компаниясының және "Қазақстанэнерго" мемлекеттік электроэнергетикалық компаниясының құрамына кіретін кәсіпорындардың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі мен облыстар әкімдерінің кепілдігімен берілген директивті кредиттері мен олардың проценттерінің ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің қарыздары шегіндегі, мерзімінде өтелмеген сомалары жөніндегі берешегі, белгіленген тәртіппен, Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау жөніндегі мемлекеттік қорға берілсін.

2. Мемлекеттік азық-түлік контракт корпорациясы мемлекеттік ресурс есебінен аталған облыстардың ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге қосымша сәйкес тұқым, жемдік және тағамдық астық бөлетін болсын.

Ақтөбе, Алматы және Батыс Қазақстан облыстарының әкімдері мемлекеттік ресурстан алынған тұқымның, жемдік және тағамдық астықтың әр тоннасына 1996 жыл егіні астығының 1,1 тоннасынан есептей отырып, бөлінген несиені қайтаруды қамтамасыз етсін.

Мемлекеттік азық-түлік контракт корпорациясы және аталған облыстардың әкімдері шаруашылықтарға несиеге босатылған тұқымның, жемдік және тағамдық астықтың құнына тең қаржының республикалық бюджетке 1996 жылғы 1 желтоқсанға дейін қайтарылуын қамтамасыз ететін болсын.

3. "Запказагротехсервис" мемлекеттік акционерлік компаниясының 15,8 миллион / он бес миллион сегіз жүз мың/ теңге және "Дархан" мемлекеттік акционерлік компаниясының /Ақтөбе облысы бойынша/ - 11,3 миллион /он бір миллион үш жүз мың/ теңге сомасына мемлекеттік резервтен автомобиль доңғалақтарын алғаны үшін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитеті алдындағы берешегін жабуы 1996 жылғы 1 наурызға дейін ұзартылсын.

4. Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау жөніндегі мемлекеттік

қордың ведомствоаралық кеңесіне осы қорға бюджеттен түскен қаржыны ең алдымен үстіміздегі жылы құрғақшылықтан зардап шеккен

аймақтарға бөлу ұсынылсын.

5. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қаржы министрлігі 1996 жылғы 1 сәуірге дейін ауыл шаруашылығы өндірісінің сақтандыру жүйесін жасау мәселесі жөнінде ұсыныс енгізетін болсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1995 жылғы 20 қарашадағы
N 1571 қаулысына
қосымша

Құрғақшылықтан зардап шеккен облыстарға
мемлекеттік ресурстан бөлінетін тұқымдық,
жемдік және тағамдық астықтың көлемі

	1996 жылы егін	1995-1996 жылдарғы	Тағамдық
Облыстар	себуге арналған	қысқы кезеңге	бидай
	күздік дәнді	арналған жемдік	
	дақылдар тұқымы	астық	
Ақтөбе	20*/	13	-
Алматы	-	6	-
Батыс Қазақстан	29*/	16	16

<*>

Ескерту. Тауарлық астық тобына іріктеп алу есебінен.

